

MPHTI 06.61.33
УДК 330.322
JEL Q10

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-4-349-361>

ТҰРСЫН А.Р.,*¹

докторант.

*e-mail: asilxan.janadilov@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3801-6035

ТҮЛЕМЕТОВА А.С.,¹

к.э.н., профессор.

e-mail: aygul.tulemetova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-3428

КЛИМОВА Т.Б.,²

э.ф.к., доценті.

e-mail: tklimova@bsuedu.ru

ORCID 0000-0001-6329-8404

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,³

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

²Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті,
Белгород қ., Ресей

³Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІ ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа

Бұл мақала Түркістан облысының өндірістік секторына инвестиция тарту мен оны тиімді пайдаланудың негізгі бағыттарын талдауға арналған. Зерттеу өзектілігі өңірдің табиғи, еңбек және инфрақұрылымдық әлеуетін барынша тиімді пайдалану қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – өндіріс саласына инвестиция тарту тетіктерін жетілдіру және аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ететін басым бағыттарды анықтау болып табылады. Жұмыста экономикалық-математикалық модель құрастырылып, инвестициялық саясатты жетілдірудің негізгі компоненттері – кластерлік тәсіл, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, сандық инвестициялық платформа және мультипликативті әсерді бағалау әдісі ұсынылады. Нәтижелер Түркістан облысының инвестициялық белсенділігі 2021–2024 жж. тұрақты өсімге ие екенін, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы сияқты салалардың инвестициялық әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Ғылыми тұрғыдан алғанда, мақала аймақтық инвестициялық процестерді басқарудың жаңа әдіснамалық тәсілдерін ұсынуымен құнды. Практикалық маңызы – ұсынылған модельді пайдалану арқылы инвестицияларды қамтуды ұлғайту мүмкіндігі. Зерттеу нәтижелері өңірлік даму стратегияларын тиімді бөлу, аймақтың ЖӨӨ мен экспорттық әлеуетін арттыру және жұмыспен әзірлеуде, инвестициялық саясатты жетілдіру мен мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіруде қолдануға болады.

Тірек сөздер: инвестиция, аймақтар, инфрақұрылым, инвестициялық саясат, инвестициялық тартымдылық, өндірістік секторға инвестициялар, шетелдік инвестициялар, модель.

Кіріспе

Жаһандану және аймақтар арасындағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында тиімді инвестициялық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру ерекше маңызға ие. Қазіргі таңда өңірлердің экономикалық өсуін қамтамасыз етудің шешуші тетігі ретінде инвестицияларды тарту

мен олардың тиімділігін арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Түркістан облысы табиғи, географиялық және еңбек ресурстарына бай, өндірістік инфрақұрылым мен агроөнеркәсіптік әлеуеті жоғары аймақтардың бірі болып саналады. Алайда осы әлеуетті толық іске асыру үшін институционалдық тетіктерді жетілдіру, инновациялық жобаларды қолдау және инвестициялық ағындарды әртараптандыру қажет.

Тақырыптың өзектілігі өңірдің өндірістік секторының экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жаңа инвестициялық модельдерді қалыптастыру қажеттілігімен айқындалады. Бұл мәселе қазіргі экономикалық ғылым мен мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарымен тығыз байланысты, себебі өндіріс пен инвестицияның тиімділігі ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің және өңірлік дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Қазақстан аймақтарындағы инвестициялық саясат мәселелері бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілгенімен, Түркістан облысының өндірістік секторына бағытталған инвестицияларды басқару, оның тиімділігін бағалау және жетілдіру жолдары толыққанды зерделенбеген. Бұл зерттеу сол олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді.

Зерттеудің мақсаты – Түркістан облысының өндірістік секторындағы инвестициялық қызметтің қазіргі жағдайын талдау және өңірлік инвестициялық саясатты жетілдірудің негізгі бағыттарын ұсыну.

Зерттеудің міндеттері төмендегідей айқындалды:

1. Аймақтың инвестициялық тартымдылығына әсер ететін негізгі факторларды анықтау;
2. Өндірістік сектордағы инвестициялық үрдістердің құрылымы мен динамикасын талдау;
3. Инвестициялық саясатты жетілдірудің экономикалық моделін әзірлеу;
4. Инвестицияларды басқарудың тиімді тетіктерін ұсыну;
5. Инвестициялық шешімдердің әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау.

Зерттеудің объектісі – Түркістан облысының өндірістік секторы және оған тартылатын инвестициялық үрдістер.

Зерттеудің пәні – аймақтық өндіріс салаларына бағытталатын инвестицияларды тиімді басқару және олардың бағыттарын жетілдіру.

Зерттеу барысында жалпы экономикалық теория, аймақтық даму және стратегиялық жоспарлау салаларындағы әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Салыстырмалы, құрылымдық-динамикалық, герменевтикалық және графикалық талдау әдістері негізінде өңірдің инвестициялық белсенділігі мен өндірістік әлеуеті бағаланды.

Зерттеудің гипотезасы – егер Түркістан облысында инвестициялық саясат кластерлік даму, цифрландыру және мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жетілдірілсе, онда өндірістік сектордың тиімділігі мен аймақтық экономикалық өсуі артады.

Зерттеудің практикалық маңызы өңірлік басқару органдарына және кәсіпорындарға инвестициялық жобаларды жоспарлау, ресурстарды оңтайлы бөлу және инновациялық бастамаларды қолдау бойынша ұсыныстар беруде көрініс табады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасын экономикалық ғылымның түрлі салаларындағы – жалпы экономикалық теория, аймақтық даму, инвестициялық үдерістерді басқару, стратегиялық жоспарлау, сондай-ақ өңірлік индустриялық саясат мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Сонымен қатар, айналмалы экономиканың даму тұжырымдамалары, өңірлік деңгейде инвестициялық саясатты оңтайландыру әдістемелері және тұрақты даму қағидаттары да талдаудың іргетасы ретінде пайдаланылды. Бұл тәсілдер Түркістан облысының өндірістік секторын инвестициялау тетіктерін жетілдіру арқылы оның экономикалық әлеуетін тиімді іске асыруға бағытталған.

Зерттеу жоспары бірнеше өзара байланысты кезеңдерден тұрды. Бірінші кезеңде нормативтік-құқықтық база, мемлекеттік және өңірлік стратегиялық құжаттар, соның ішінде индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары, инвестициялық саясат жөніндегі бағдарламалық материалдар мен ресми есептер іріктеліп, мазмұндық тұрғыдан жіктелді. Екінші кезеңде Түркістан облысына қатысты дайын статистикалық деректер жиналды: негізгі капиталға

салынған инвестициялар көлемі, өңдеу өнеркәсібіне бағытталған қаражат, тікелей шетелдік инвестициялар, жұмыспен қамту, өңірлік жалпы өнім құрылымы және салалық бөлініс бойынша инвестициялардың динамикасы. Үшінші кезеңде алынған мәліметтер негізінде өңірдің инвестициялық саясатын жетілдірудің экономикалық моделі құрастырылды.

Эмпириялық база ретінде ұлттық және өңірлік деңгейдегі ашық статистикалық көрсеткіштер пайдаланылды (инвестициялар көлемі, олардың салалық құрылымы, 2021–2024 жж. динамикасы, шетелдік капиталдың үлесі, өндірістік сектордағы кәсіпорындар саны және олардың жіктелуі – шағын, орта, ірі). Бұл деректер өңірлік әлеуметтік-экономикалық жағдайды сипаттайтын агрегатталған ресми мәліметтер болғандықтан, олар іріктемелік емес, толық қамтушы сипатқа ие. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырады, себебі талдау жекелеген кәсіпорындарға ғана емес, бүкіл аймақтық өнеркәсіптік кешенге негізделген.

Зерттеу әдістері қойылған мақсаттарға сәйкес ғылыми және арнайы әдіснамалық тәсілдерге сүйенеді.

- ♦ Теориялық талдау және жалпылау әдістері Түркістан облысындағы өндірісті инвестициялауға қатысты негізгі ұғымдарды, ғылыми көзқарастарды, аймақтық даму факторларын саралау үшін қолданылды.

- ♦ Салыстырмалы талдау Түркістан облысының инвестициялық белсенділігін басқа өңірлердің көрсеткіштерімен салыстыруға, басым салаларды анықтауға мүмкіндік берді.

- ♦ Герменевтикалық әдіс өндірістік сектордағы инвестициялық қызметті реттейтін құқықтық және институционалдық базаны (салықтық ынталандырулар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік құралдары, әкімшілік қолдау шаралары) түсіндіру және интерпретациялау үшін қолданылды.

- ♦ Графикалық әдістер негізгі капиталға инвестициялардың, өңдеу өнеркәсібіне құйылған қаражаттың, тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің құрылымдық және динамикалық өзгерістерін көрнекі түрде көрсету үшін пайдаланылды; бұл тәсіл трендтерді (өсу, бәсеңдеу, құрылымдық ығысу) айқындалатын түрде бағалауға мүмкіндік берді.

- ♦ Талдау және синтез әдістері инвестицияларды басқарудың стратегиялық басым бағыттарын бөліп көрсетуге, өңірлік экономиканың қандай элементтері мультипликативтік әсер береді деген сұраққа жауап табуға көмектесті.

- ♦ Саралау (рейтингтік) әдісі инвестициялық көрсеткіштер негізінде Түркістан облысының өнеркәсіптік салаларының тартымдылығын, олардың жұмыс орындарын құру әлеуетін және экспортқа бағдарлану дәрежесін бағалау үшін пайдаланылды.

Алынған деректер негізінде инвестициялық саясатты жетілдірудің экономикалық моделі құрастырылды. Модельдің құрылымы мынадай блоктарды қамтиды: жетекші салаларды айқындау; инвестициялық басымдықтарды таңдау; салалық кластерлерді қалыптастыру; мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӨ) тетіктерін пайдалану; аймақтық цифрлық инвестициялық платформаны енгізу; мультипликативтік әсерді есептеу (жұмыспен қамту, ЖӨӨ өсімі, экспорттық нәтиже арқылы). Осы модель өндірістік секторға бағытталған қаржы ресурстарының қалайша әлеуметтік-экономикалық қайтарымға айналатынын сандық негізде бағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелерді бағалау әдістемесі екі деңгейде жүргізілді. Біріншіден, инвестициялық көрсеткіштердің серпіні мен құрылымына сандық бағалау жасалды (өсу қарқыны, үлес салмағы, капиталдың салалық шоғырлануы). Екіншіден, осы көрсеткіштердің ықтимал әсері жұмыспен қамту деңгейіне, өңірлік жалпы өнімдегі өнеркәсіп үлесіне және экспорт құрылымына сапалық тұрғыда бағаланды. Мұндай аралас (кешенді) тәсіл инвестициялық саясаттың тек қаржылық көлемін ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық тиімділігін де өлшеуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік шектеулер ретінде, зерттеу тікелей кәсіпорын ішіндегі бастапқы бухгалтерлік және технологиялық деректерді емес, ресми агрегатталған статистикалық және бағдарламалық материалдарды пайдаланады. Сол себепті белгілі жекелеген жобалардың тәуекелдері мен рентабельділігі деңгейінде микроэкономикалық дәлдік берілмейді. Дегенмен, бұл шектеу өңірлік деңгейдегі стратегиялық ұсыныстардың негізділігіне әсер етпейді, өйткені мақсат – салалық және аймақтық деңгейдегі саясатты жетілдіру бағыттарын ұсыну.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі бағдарламасы бекігенін бәріміз білеміз.

Жалпы еліміздегі инвестиция тарту және салу бағыттарына байланысты 2024 ж. негізгі капиталға салынған инвестициялар индикаторы 1 трлн 133,8 млрд теңге мөлшерінде белгіленгенін де білеміз, бұл жерде алдымен инвестициялық тартымдылықты зерттеу керек [1].

Жалпы тұжырымдарды зерттегенде көптеген ғылыми еңбектердегі инвестициялық тартымдылық көбінесе аймақтың инвестициялық әлеуеті мен инвестициялық тәуекел деңгейіне байланысты екенін көре аламыз. Осыған сүйене отырып, біздің пікірімізше, аймақтың инвестициялық тартымдылығын келесідей сипаттауға болады: бұл – белгілі бір аумақтың экономикалық, қаржылық, инвестициялық, институционалдық, әлеуметтік және басқа да маңызды көрсеткіштерімен расталған, қолданыстағы инвестициялық мүмкіндіктер мен тәуекелдер аясында қалыптасатын аймақтық экономиканың жай-күйін білдіретін кешенді ұғым [2].

Инвестициялық тартымдылықты бағалау кезінде келесі индикаторлар негізгі мәнге ие: аймақтық жалпы өнімнің өсу қарқыны, еңбек өнімділігі, негізгі капиталға салымдардың құрылымы, шетелдік капиталдың қатысу үлесі және инфрақұрылымның дамыған деңгейі. Бұл көрсеткіштерді кешенді талдау инвестициялық климаттың сапасын және оның динамикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Онымен қоса маңызды әсері бар инвестициялық белсенділікті тиімді арттырмай аймақтардың экономикасын дамыту мүмкін емес болады [3].

Еліміздің әрбір аймақтарында жүзеге асырылатын инвестициялық бағдарламалар жоғары тиімділікпен жасалып, жүйелі түрде орындалуы тиіс. Бұл – ұлттық экономиканың қарқынды дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жақсы құрылымдалған және жан-жақты талданған инвестициялық бағдарлама инвесторлар үшін тартымды болмақ, өйткені ондағы жобалар бойынша ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі сенімділік тудырады.

Сонымен бірге, аймақтық инвестициялық бағдарламаларды іске асыруда жобалардың мультипликативтік әсерін бағалау, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және институционалдық инфрақұрылымды дамыту маңызды болып табылады. Бұл элементтер инвестициялық қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жеке капиталды тарту үшін қолайлы орта қалыптастырады.

Аймақ кәсіпорындары қазіргі жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуге немесе жаңа технологиялар мен инновацияларға негізделген бизнестерді іске қосуға бағытталған инвестициялық жобалар портфелін әзірлейді. Мұндай жобалардағы тәуекел деңгейі негізінен ақпараттың толықтығы мен болжанатын кірістілікке байланысты қалыптасады. Сондықтан инвестициялық портфель табыстылық пен тәуекелдің оңтайлы тепе-теңдігін қамтамасыз етуі керек, себебі бұл компанияның болашақтағы қаржылық тұрақтылығына тікелей әсер етеді [4].

Қазіргі таңда инвесторлар үшін ең маңызды факторлардың бірі – жобалардың ESG (Environmental, Social, Governance) қағидаттарына сәйкестігі болып табылады. Сондықтан экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік критерийлерін енгізу Түркістан облысының инвестициялық имиджін күшейтуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық процестерді тиімді ұйымдастыру тетіктерін енгізу, әдетте, өңірдегі инвестициялық белсенділіктің артуына ықпал етеді. Жалпы алғанда, инвестициялық белсенділік – бұл өңірлік экономиканың субъектілері тарапынан инвестициялық жобаларды іске асыру қарқыны, ол инвестициялардың көлемімен, өсу динамикасымен және олардың құрылымдық ерекшеліктерімен сипатталады. Алайда, инвестицияларды жүзеге асыру барысында туындайтын тәуекелдердің деңгейі осы белсенділікке елеулі ықпал етіп, оны тежейтін немесе ынталандыратын фактор ретінде көрінеді [5].

Осы тұрғыда Түркістан облысында инвестициялық белсенділіктің сапалық сипаттамасын анықтау үшін авторлар инвестициялардың құрылымдық, динамикалық және салалық талдауын жүргізді. Бұл әдіс экономикалық өсудің қай салаларда шоғырланғанын және қай бағыттарда артта қалғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығына әсер ететін факторлар әртүрлі сипатта болуы мүмкін және оларды шартты түрде сыртқы және ішкі деп екі негізгі топқа жіктеуге болады [6].

Сыртқы факторлар – бұл кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығына жанама түрде ықпал ететін, алайда оның өзі тікелей басқара алмайтын жағдайлар. Мұндай факторларға жатады:

- ♦ елдегі саяси және экономикалық тұрақтылық;
- ♦ құқықтық және салықтық жүйенің ерекшеліктері;
- ♦ демографиялық ахуал, бизнесті қолдау тетіктері;
- ♦ нарықтың сыйымдылығы мен конъюнктурасы;
- ♦ табиғи және еңбек ресурстарымен қамтылу.

Ал ішкі факторларға өндірістік қуаттың тиімділігі, технологиялық жаңару деңгейі, басқару сапасы, инновацияларды енгізу жылдамдығы және кәсіпорынның қаржылық орнықтылығы жатады. Бұл факторлар кәсіпорын деңгейінде инвестицияларды игеру тиімділігін анықтайды.

Жалпы алғанда, кәсіпорынның сыртқы ортасы оның жұмыс жасап отырған елінің, аймағының немесе саласының инвестициялық климаты арқылы сипатталады [7].

Осындай басты бағыттарға негізделген зерттеулерді байланыстыра отырып, Түркістан облысының өндірістік секторының ағымдағы жағдайын талдаймыз.

Түркістан облысы орталық Азия, Қытай және елдің оңтүстік аймақтары арасындағы сауда жолдарының қиылысында орналасқан Қазақстанның стратегиялық маңызды аймақтарының бірі. Бұл оған логистикалық және экономикалық маңыздылық бере алады. Аймақтар экономикасының құрылымында ауыл шаруашылығы, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс секторы, сондай-ақ туризм маңызды орын алады.

Бұған қоса, Түркістан облысының геоэкономикалық әлеуеті жоғары көлік дәліздерімен (Түркістан–Шымкент–Ташкент бағыттары), «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік желісімен және көршілес елдермен сауда ынтымақтастығы арқылы нығая түсуде. Бұл факторлар өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыратын қосымша артықшылықтар болып табылады.

Ауыл шаруашылығы аймақтың экономикалық дамуының негізі болып қалады. Облыста мақта, жеміс-жидек, көкөніс және дәнді дақылдарды өсіру үшін қолайлы климаттық жағдайлар қалыптасқан. Әйтсе де, ауыл шаруашылығы өндірісі көбінесе ескірген технологиялардан, өнімдерді қайтадан өңдеуден, логистикаға инвестициялардың жетіспеушілігінен және заманауи суару жүйелеріне қол жетімділіктің шектеулі болуынан зардап шегеді.

Сондықтан бұл салада «ақылды ауыл шаруашылығы» (smart-agro) және цифрлық басқару жүйелерін енгізу инвестициялық тартымдылықты арттырудың тиімді құралы болып саналады.

Түркістан облысының өнеркәсіп секторы соңғы жылдары оң серпінді көрсетіп отыр. Жалпы өңірлік өнімдегі үлесі салыстырмалы түрде алғанда төмен болуда. Негізгі өндірістер тамақ өнеркәсібінде, құрылыс материалдарында және тоқыма бұйымдарында шоғырланған. Инфрақұрылымдық шектеулер мен білікті кадрлардың жетіспеуі мен автоматтандырудың төмен деңгейі сектордың дамуын толық шектейді.

Өңірдің индустриялық-инновациялық даму әлеуетін күшейту үшін арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық парктердің тиімділігін арттыру қажет. Мысалы, «Түркістан» АЭА аумағында жаңа өндіріс орындарын ашу инвестициялық тәуекелдерді азайтып, инвесторларға инфрақұрылымдық қолдау ұсына алады.

Аймақтардағы инвестициялық белсенділік бойынша соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар мен шетелдік инвестициялардың арқасында жоғарылап келеді, алайда іс жүзінде инвестициялық ахуал бірқатар мәселелерге тап болады. Олардың ішінде шағын және орта бизнестер үшін қаржыландыруға қолжетімділіктің шектелуі, сонымен қатар инвестициялық үрдістердің ашықтығының жеткіліксіздігі де бар.

Сондай-ақ, институционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі мен бюрократиялық кедергілер инвесторлардың белсенділігіне кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты «бір терезе» қағидаты мен цифрлық рұқсат беру жүйелерін кеңінен енгізу ұсынылады. Инвестициялық салымдардың негізгі бөлігі технологиялық секторға қарағанда шикізаттық салаларға бағытталады. Бұл экономиканың шикізатқа тәуелділігіне және шикізаттық емес салалардың жағдайының нашарлауына себеп болды. Сонымен қатар, технологиялық өндірістердің қысқаруына әсер ететін басты факторлардың бірі – өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі болып табылады [8].

Бұл тұрғыда өңдеу өнеркәсібінде жоғары қосылған құнды өнім шығару бағытында мақсатты инвестицияларды ынталандыру, цифрлық технологияларды енгізу және инновациялық экожүйе құру қажет.

Түркістан облысының өндірістік секторына инвестициялардың талдамасында алдымен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі қарастырылады, 2021 жылда олар 739,5 млрд теңгені құраған, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 108,6 пайызға артық екенін көруге болады. Ал 2023 ж. инвестициялардың жалпы көлемі 972 млрд 31,8 млн теңгені құраған, өткен жылмен салыстырғанда 26,1 пайызға артық болғанын көруге болады.

2024 ж. Түркістан облысының негізгі деген капиталға инвестиция үлесі 321,7 млрд теңге болған.

Тікелей шетелдік инвестициялар 2021 ж. 909,5 млн АҚШ долларын, ал 2022 ж. 579 млн АҚШ долларын құраған. 2023 ж. 492 млн АҚШ долларын құрады.

Өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар 2022 ж. 8,7 млрд теңгеге инвестицияланды, 2023 ж. 52,1 млрд теңге болған, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 4 есеге көп.

Бұл динамика өңірдің инвестициялық стратегиясының біртіндеп тиімділігін арттырғанын және жеке капиталдың қатысу үлесінің ұлғайғанын көрсетеді.

Инвестициялар көлемі бойынша өңдеуші өнеркәсіптің негізгі басты салалары өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісі бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 40,9 пайыз болған. Азық-түлік өндірісі 12,6 пайыз, жиһаз өндірісі 8,2 пайыз, қағаз және оған байланысты өнімдерді өндіру 8,1 пайыз болған.

Ал өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпорындар саны 2023 ж. мынадай негізде болды: Түркістан облысының өңдеу өнеркәсібінде 659 кәсіпорын жұмыс жасайды, оның шағын кәсіпорыны – 624, орта ұйымы – 27, ірі кәсіпорындары – 8 болды.

Бұл көрсеткіштер аймақтағы өндірістік құрылымның шағын бизнеске бейім екенін және орта кәсіпорындардың үлесін ұлғайту қажеттігін дәлелдейді.

Түркістан облысының 2021–2024 жж. өндірістік секторына инвестициялардың серпіні мен құрылымын айқындап көрсететін құрылымды деректерде ағымдағы жағдайды осылай талдауға және негізгі тенденцияларды анықтауға жол ашады (1-кесте).

Кесте 1 – Түркістан облысының өндірістік секторына инвестициялар (2021–2024 жж).

Көрсеткіштер	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Инвестициялардың жалпы көлемі (млрд теңге)	739,5	739,5	972,0	822,3
Жеке инвестициялар (%)	-	-	705,1	588,4
Бюджеттік инвестициялар (%)	-	-	27,5	-
Тікелей шетелдік инвестициялар (млн \$)	331,1	331,1	492,0	1 млрд 144,2
Өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар (млрд теңге)	52,1 (ҚР бойынша 6 орын)	8,7	52,1 (2022 жылмен салыстырғанда 4 есеп көп)	24,2 млрд теңгеге 528 жұмыс орны құрылды
Өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпорындар саны	659 (ҚР 3,2%)	-	659 (624 шағын, 27 орта, 8 ірі)	706 кәсіпорын
Өңдеу өнеркәсібінің негізгі салалары	-	-	Өзге де металл емес өнімдер (40,9%), тамақ өнімдері (12,6%), жиһаз (8,2%), қағаз (8,1%)	Жеңіл өнеркәсіп 3,9 млрд теңге, құрылым материалдары 1,5 млрд теңге
Жиһаз өнеркәсібіне инвестициялар (млн теңге)	370,1	-	4281 (12 есе өсу)	6,9 млрд теңге (4 жоба)
Ескертпе: Авторлармен [9] дереккөз негізінде құрастырылған.				

Талдау барысында байқағанымыздай, 2023 ж. инвестициялардың жалпы көлемі 972,0 млрд теңгені құраған, 2022 жылмен салыстырғанда 26,1 % пайызға және 2021 жылмен салыстырғанда 31,4 % артық. Ал жеке және бюджеттік инвестициялар бойынша осы жылы үлесі 72,5 пайызды құрап, жеке сектордың аймақ экономикасына деген сенімінің жоғары деңгейін көрсеткен [9].

2024 ж. өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар 24,2 млрд теңгені құрап, 528 жұмыс орны құрылған.

Кестеден тыс, әлі де толық деректері құрыла қоймаса да, ресми деректерден байқағанымыз, 2025 ж. Түркістан облысына байланысты тартылған инвестициялар көлемі 1,2 трлн теңгеден асқан, осы көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 18 пайызға жоғары екенін көрсетеді.

2023 ж. тікелей шетелдік инвестициялар 492 млн АҚШ долларын құрап, жоспардан 9 пайызға асып түскен. 2023 ж. өңдеу өнеркәсібіне 52,1 млрд теңге инвестицияланды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 4 есеп көп.

Жиһаз өнеркәсібіне инвестициялар 2023 ж. 4281 млн теңгені құраған, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 12 есеп көп болған. Ал 2024 ж. төрт арнайы жобадан 6,9 млрд теңгеге жеткен.

Жалпы Түркістан облысының экономикасы Қазақстан Республикасының экономикасында шоғырланудың төмен деңгейімен сипатталады [10].

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық жеделдету болашағы зор: газдандыру мен жолдарды жөндеп, жаңғырту, орталықтандырылған сумен жабдықтау, туристік ағымды ұлғайтуда қосымша көліп тораптарын салу. Сонымен қатар, таза энергияға көшу, қалдықтармен жұмыстар жасаудағы заманауи технологияларды енгізу, экономикалық өсу мен экологиялық жағдай арасындағы тепе-теңдікті көрсете алады. Оқыту және субсидиялау арқылы шағын ұйымдарды мемлекеттік қолдау бойынша секторлардың да тұрақты өсуі көрінеді [11].

Түркістан облысының өндірістік секторына инвестициялық саясатты жетілдірудің экономикалық моделін құрастыру осы бағыттың басты саласын жетілдіру жолы болып табылады. Оның мақсаты – аймақтардың басым салалары мен орнықты дамуына назар аударып, өндірістік секторға инвестицияларды тарту және бөлу тиімділігін арттыру болып табылады. Модельдің әдістемелік негізі болып, цифрландыру және тұрақты даму тетіктерін интеграциялап, кластерлік тәсілдердің, мемлекеттік жеке әріптестік және мультипликативтік әсер моделінің үйлесіміне негізделеді. Төмендегі 2-кестеде үйлесімділік бойынша негізгі компоненттер моделі берілген.

Кесте 2 – Түркістан облысының өндірістік секторына инвестициялық саясатты жетілдірудің экономикалық моделінің негізгі компоненттері

Компоненттер	Мазмұны
Көшбасшы салаларды талдау	Әлеуеті жоғары салаларды анықтау: тамақ өнеркәсібі, қайтадан өңдеу, логистика
Инвестициялық басымдықтарды таңдау	Салаларды инвестициялық табыс, экспорт және импортты алмастыру деңгейі бойынша сегменттеу
Инвестициялық кластерлерді қалыптастыру	Кластерлер құру (құрылыс, агроөнеркәсіптік және т.б)
МЖӨ тетіктерін оңтайландыру	Бизнеспен бірлескен жобаларды іске асыру: субсидиялар, салықтық ынталандырулар, бірлесіп қаржыландыру.
Сандық инвестициялық платформа	Аймақтық инвестициялық платформаны енгізу (цифрлық карта, аналитика)
Мультипликативтік әсерді бағалау	Инвестициялардың жұмыспен қамтуға, салық түсімдеріне, жергілікті экономикаға әсерін есептеу
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Шартты – математикалық рәсімделген модель бойынша негізгі айнымалыларды айқындау керек:

I – инвестициялардың жалпы көлемі;

R – аймақтық ЖӨӨ –нің өсуі;

E – экспорттың өсуі;

L – жұмыспен қамтудың өсуі;

M – инвестициялық мультипликатор;

S_i – i басым салаға инвестициялар;

P_i – i саланың өндірістік тиімділігі.

Модель құрастыру бойынша негіздемелер:

$$R = \sum (S_i \times P_i \times M_i) \quad (1)$$

$$L = \alpha \times I + \beta \times S_i$$

$$E = \gamma \times \sum (P_i \times S_i)$$

Мұндағы:

α, β, γ – жұмыспен қамту және экспорттың инвестицияларға сезімталдығын көрсететін коэффициенттер;

M_i – салалық мультипликатор (мысалы тамақ өнеркәсібі үшін >1.5 , құрастыру өндірісі үшін >2.0).

Аталған модельді жүзеге асырудың тәжірибелік бағыттары:

- ♦ аймақтардың инвестициялық кеңесін құру: кәсіптің, әкімдіктің, банктер мен білім беруші мекемелердің қатысуымен болады;

- ♦ Түркістан облысының инвестициялық картасын дайындау: жеңілдіктер мен инфрақұрылым ақпаратына байланысты интерактивті портал, әлеуетті объектілер болып табылады;

- ♦ Келесі бағыт инвесторлар үшін бір терезе тетігін қолдану: жобаларды өтінімнен бастап іске қосуға дейін сүйемелдеу.

Даму бюджетін МЖӨ қоса алғанда қаржыландыруға қайтадан бағдарлау бойынша мемлекеттік қаржыландыруды мультипликаторларға байланыстыру керек болады. Осыларға байланысты төмендегі 3-кестеде аталған модельді енгізуден күтілетін нәтижелері (2030 жылға дейінгі болжам бойынша) көрсетіледі.

Кесте 3 – Модульді енгізуден күтілетін нәтижелер

Көрсеткіштер	Ағымдағы жыл 2023 ж.	Мақсат 2030 ж. болжамы
Инвестиция көлемі, млрд теңге	972	1 500+
ЖӨӨ –дегі өнеркәсіптік үлесі (%)	~17%	25%
Өндірістегі жұмыспен қамту деңгейі (%)	~12%	18–20%
Экспорттағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі	<10%	25%+
Тікелей шетелдік инвестициялар (млн \$)	492	800–1000
Ескерту: Авторлармен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Осылайша, инвестициялық менеджмент бойынша кадрлар мен кәсіпкерлерді оқытуда жоғары оқу орындарымен, технопарктермен, халықаралық донорлармен ынтымақтастық болады.

Жалпы перспективалы салаларға инвестиция тарту үшін алдымен нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру маңызды болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс тиісті заңнамалық актілер мен стратегиялық бағдарламалық құжаттарды әзірлеуді және қабылдауды көздейтін шаралар кешенін қамтиды. Сонымен қатар, инвестициялық тартымдылықты жоғарылатуға бағытталған институционалдық шаралар инвестициялық белсенділікті ынталандыруға жағдай жасайтын инфрақұрылым қалыптастыруды қарастырады [12].

Талданған мәліметтер негізінде инвестициялық саясат пен аймақтық экономикалық өсім арқылы деректерді болжамдау бойынша 2023–2030 жж. арналған болжамдық өсімді талдап көрсету диаграммасы төмендегі 1-суретте көрсетілген.

Жалпы инвестициялық өсім мен ЖӨӨ арасындағы байланыста жұмыспен қамту деңгейіне әсері мен бағыттарды талдау барысы айқындалады.

Салалық инвестициялық басымдықтарды анықтауға бағытталған зерттеулерді талдау нәтижесінде инвестициялық өсімнің негізгі орталықтарын анықтауға негіз болатын, басым бағыттарды айқындаудың жаңа әдіснамалық тәсілдерін әзірлеу қажеттілігі айқындалады. Салалық инвестициялық өзара әрекеттестікті кешенді түрде зерделеу мен бағалау шеңберінде

«инвестицияларды өзара тарту», «өзара негізделген инвестициялар», сондай-ақ «инвестициялық өсімнің негізгі нүктелері» секілді тұжырымдамалар ұсынылып, оларға сәйкес арнайы көрсеткіштер жүйесін дамыту керек. Белгілі бір саланың басқа да байланысты салаларға инвестиция тарту қабілеті инвестициялық ресурстардың тиімді шоғырлануын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Осы бағалау нәтижесінде экономикалық қызмет түрлерінің үш негізгі санатын дамытуға ат салысу керек: инвестициялық өсімнің негізгі, әлеуетті және келешекте мүмкін болатын нүктелері [13]. Осындай қаншама бағыттарды қамти келе Түркістан облысы инвестиция тарту көлемі бойынша республикадағы үштікке енген [14]. Оның дәлелі Түркістан облысындағы бірнеше жаңа өндірістік жобалар болып табылады. Сауран ауданында «Xingtai Tiancheng Textile Co» инвестициялық жобасы жүзеге асырылуда. Түркістан қаласында, «JJASYL Suyu Qazaqstan» ЖШС салқындату жабдықтарын шығару зауытының екінші кезеңін жүзеге асыруда. Бұдан бөлек, аумақта жаңа зауыттар құрылысы бойынша басқа да жобалар қарастырылуда, соның ішінде, еден жабындары, бір реттік ыдыстар мен кептірілген жемістер өндіруге бағытталған кәсіпорындар да бар [15].



Сурет 1 – 2023–2030 жж. арналған болжамдық өсім

Ескертпе: Авторлармен [9] дереккөз бойынша құрастырылды.

Сонымен осындай жобаларды жүргізуге және қолдауларға сәйкес, қаржылық ресурстардың шектеулі жағдайында аймақтық инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыру мақсатында салалар арасындағы инвестициялық ағындардың өзара байланысы мен ықпалын ескеру ерекше маңызға ие.

Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай негізгі тұжырымдарды көрсетеміз:

1. Инвестициялардың оң динамикасы бойынша 2021–2024 жж. инвестициялар көлемі 30 пайыздан астам өскен, әсіресе қайта өңдеу өнеркәсібінде болады. Ал 2024 ж. негізгі капиталға салынған инвестициялар 2023 жылмен салыстырған 7,4 пайызға өскен.
2. Жетекші салалар бойынша металл емес минералды өнімдер, азық-түлік және жиһаз өндірісі ең перспективалы бағыттар болып танылады.
3. 2023 ж. жеке инвестициялардың өсуі бойынша үлесі 72 пайыздан асты, бұл бизнеске деген сенім артқанын көрсетеді; 2024 ж. тікелей инвестициялар саласы бойынша жалпы көлем 22 пайызға өскен.
4. Өндірістердің көпшілігі технологиялық жаңартуды және цифрландыруды қажет етеді.
5. Кластерлік тәсілді дамыту бойынша салалық кластерлерді тиімді қалыптастыру ЖӨӨ мен жұмыспен қамтудың өсудегі драйвері бола алады.
6. Институционалдық қолдау бойынша «бір терезе» тетіктерін, салықтық және реттеушілік ынталандыруларды жетілдіру талап етіледі.

Қорытынды

1. Түркістан облысының өндірістік секторын дамыту ауыл шаруашылығы, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру және жиһаз өнеркәсібі сияқты негізгі салаларды ынталандыруға бағытталған тиімді инвестициялық саясатқа тікелей байланысты болады.

2. 2021–2023 жж. статистикалық деректерді талдау, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар көлемінің сенімді өсуін көрсетеді, бұл оң құрылымдық өзгерістерді және жеке, шетелдік инвесторлардың аймаққа деген сенімін нығайтуды растайды. Дегенмен, белгілі бір мәселелер де айқындалады, атап айтқанда, кадрларды дайындау әлсіздігі, инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, ұйымдарды технологиялық жаңғыртудың төмен деңгейі, инвесторларды институционалдық қолдаудың шектелуі. Бұл мәселелер мемлекеттік және жеке құрылымдардың жүйелі көзқарасы мен стратегиялық араласуын талап етеді.

3. Түркістан облысының өндірістік секторына инвестициялаудың ұсынылған экономикалық моделі салалық инвестициялық кластерлерді қалыптастырудың мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамытуды, инвестицияларды басқарудың цифрлық платформаларын енгізуді, сондай-ақ жобаларды жоспарлау кезінде мультипликативтік әсерді пайдалануды көдейді. Бұл модельді енгізу инвестицияларды бөлу үрдісін ұтымды етуге ғана емес, сонымен қатар аймақтың жалпы өндірістік және экспорттық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, деректерді талдауға, стратегиялық жоспарлауға және барлық мүдделі тараптарды тартуға негізделген инвестициялау бағыттарын жетілдіруге кешенді көзқарас Түркістан облысына өзінің өндірістік әлеуетін жүзеге асыруға және әлеуметтік – экономикалық дамудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Сонымен, Түркістан облысында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, аймақтағы инвестициялық климат және кәсіптік ахуалды жақсарту бойынша жұмыстар үздіксіз жалғасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Привлечение инвестиций, создание рабочих мест – главные направления развития Туркестанской области. URL: <https://yujanka.kz/privlechenie-investitsij-sozdanie-rabochih-mest-glavnye-napravleniya-razvitiya-turkestanskoy-oblasti/> (өтініш берілген күн: 15.05.2025)

2 Litvintseva G., Goldobina A. Factors and Ways of Enhancing the Investment Attractiveness of the Region // *Idei i Idealy – Ideas and Ideals*. 2019. Vol. 11. Iss. 4. Pt. 2. P. 243–266. DOI: 10.17212/2075-0862-2019-11.4.2-243-266.

3 Абылкасимова Ж.А., Алибаева М.М., Рамашова А.Н., Гудалин А.В. Пути повышения инвестиционной активности предприятий региона // *Вестник Карагандинского университета*. Серия «Экономика». – 2019. – № 2(94). – С. 112–120.

4 Махмудова М.М., Королева А.М. Инвестиционная привлекательность национальной экономики как объект управления // *Вопросы управления*. – 2018. – С. 231–238.

5 Заборовская О.В., Насрутдинов М.Н., Надежин Ю.Ю. Методы оценки инвестиционной активности региона // *Вестник Алтайской академии экономики и права*. – 2019. – № 11–3. – С. 18–27.

6 Ефименко А.З. Маркетинговый анализ и управление развитием предприятий: монография. – М.: Ассоциация строительных вузов (АСВ), 2017. – 214 с.

7 Литвишко О.В., Гвоздева А.В. Оценка и пути повышения инвестиционной привлекательности предприятия // *Экономика. Право. Общество*. – 2019. – № 1(17). – С. 45–53.

8 Турекулова Д.М., Мухамбетова Л.К., Байзаков Н.А. Инновационная деятельность предприятий Казахстана // *Вестник университета «Туран»*. – 2019. – № 4. – С. 9–14.

9 Об инвестициях в основной капитал в Республике Казахстан. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-invest/publications/5196/> (өтініш берілген күн: 12.04.2025)

10 Промышленное развитие Туркестанской области. URL: <https://qazindustry.gov.kz/ru/article/2827-promyshlennoe-razvitie-turkestanskoy-oblasti> (өтініш берілген күн: 13.06.2025)

- 11 Туркестанская область: проблемы и перспективы социально-экономического развития. URL: https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=7024/arch=2025_1 (өтініш берілген күн: 12.03.2025)
- 12 Иногамова М.С. Экономический рост и повышение инвестиционной привлекательности региона // Iqtisodiyot va innovatsion texnologiyalar. Ilmiy elektron jurnali. 2021. № 4. URL: <http://iqtisodiyot.tsue.uz> (өтініш берілген күн: 12.03.2025)
- 13 Myakshin V., Petrov V.N., Pesiakova T.N. Identification of Regional Sectoral Priorities Based on Key Investment Growth Points // Economy of Regions. 2024. Vol. 20. No. 3. P. 867–883. DOI: 10.17059/ekon.reg.2024-3-17. (Scopus)
- 14 Туркестанская область вошла в тройку лучших в республике по объему привлечения инвестиций. URL: <https://atameken.kz/ru/news/51280-trkstan-oblysy-investiciya-tartu-klem-bojynsha-respublikada-zdk-shtkke-end> (өтініш берілген күн: 15.05.2025)
- 15 Түркістан облысында жаңа зауыттар мен кәсіпорындар салында. URL: <https://informburo.kz/special/v-turkestanskoi-oblasti-stroi-at-novye-zavody-i-predpriatiia> (өтініш берілген күн: 17.05.2025)

REFERENCES

- 1 Privlechenie investitsij, sozдание rabochih mest – glavnye napravleniya razvitiya Turkestanskoj oblasti. URL: <https://yujanka.kz/privlechenie-investitsij-sozдание-rabochih-mest-glavnye-napravleniya-razvitiya-turkestanskoj-oblasti/> (data obrashheniya: 15.05.2025) (In Russian).
- 2 Litvintseva G., Goldobina A. (2019) Factors and Ways of Enhancing the Investment Attractiveness of the Region // Idei i Idealy – Ideas and Ideals. Vol. 11. Iss. 4. Pt. 2. P. 243–266. DOI: 10.17212/2075-0862-2019-11.4.2-243-266. (In English).
- 3 Abylkasimova Zh.A., Alibaeva M.M., Ramashova A.N., Gudalin A.V. (2019) Puti povysheniya investicionnoj aktivnosti predpriyatij regiona // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Jekonomika». Vol. 2. No. 94. P. 112–120. (In Russian).
- 4 Mahmudova M.M., Koroleva A.M. (2018) Investicionnaja privlekatel'nost' nacional'noj jekonomiki kak ob#ekt upravleniya // Voprosy upravleniya. P. 231–238. (In Russian).
- 5 Zaborovskaja O.V., Nasrutdinov M.N., Nadezhin Ju.Ju. (2019) Metody ocenki investicionnoj aktivnosti regiona // Vestnik Altajskoj akademii jekonomiki i prava. No.11–3. P. 18–27. (In Russian).
- 6 Efimenko A.Z. (2017) Marketingovyy analiz i upravlenie razvitiem predpriyatij: monografiya. M.: Associacija stroitel'nyh vuzov (ASV). 214 p. (In Russian).
- 7 Litvishko O.V., Gvozdeva A.V. (2019) Ocenka i puti povysheniya investicionnoj privlekatel'nosti predpriyatija // Jekonomika. Pravo. Obshhestvo. Vol. 1. No. 17. P. 45–53. (In Russian).
- 8 Turekulova D.M., Muhambetova L.K., Bajzakov N.A. (2019) Innovacionnaja dejatel'nost' predpriyatij Kazahstana // Vestnik universiteta «Turan». No. 4. P. 9–14. (In Russian).
- 9 Ob investitsijah v osnovnoj kapital v Respublike Kazahstan. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-invest/publications/5196/> (data obrashheniya: 12.04.2025) (In Russian).
- 10 Promyshlennoe razvitie Turkestanskoj oblasti. URL: <https://qazindustry.gov.kz/ru/article/2827-promyshlennoe-razvitie-turkestanskoy-oblasti> (data obrashheniya: 13.06.2025) (In Russian).
- 11 Turkestanskaja oblast': problemy i perspektivy social'no-jekonomicheskogo razvitiya. URL: https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=7024/arch=2025_1 (data obrashheniya: 12.03.2025) (In Russian).
- 12 Inogamova M.S. Jekonomicheskij rost i povyshenie investicionnoj privlekatel'nosti regiona // Iqtisodiyot va innovatsion texnologiyalar. Ilmiy elektron jurnali. 2021. № 4. URL: <http://iqtisodiyot.tsue.uz> (data obrashheniya: 12.03.2025) (In Russian).
- 13 Myakshin V., Petrov V.N., Pesiakova T.N. (2024) Identification of Regional Sectoral Priorities Based on Key Investment Growth Points // Economy of Regions. Vol. 20. No. 3. P. 867–883. DOI: 10.17059/ekon.reg.2024-3-17. (Scopus) (In English).
- 14 Turkestanskaja oblast' voshla v trojku luchshih v respublike po ob#emu privlecheniya investitsij. URL: <https://atameken.kz/ru/news/51280-trkstan-oblysy-investiciya-tartu-klem-bojynsha-respublikada-zdk-shtkke-end> (data obrashheniya: 15.05.2025) (In Russian).
- 15 Tүркістан облысында жаңа зауыттар мен кәсіпорындар салында. URL: <https://informburo.kz/special/v-turkestanskoi-oblasti-stroi-at-novye-zavody-i-predpriatiia> (öтініш берілген күн: 17.05.2025) (In Kazakh).

ТУРСЫН А.Р.,*¹

докторант.

*e-mail: asilxan.janadilov@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3801-6035

ТУЛЕМЕТОВА А.С.,¹

к.э.н., профессор.

e-mail: aygul.tulemetova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-3428

КЛИМОВА Т.Б.,²

к.э.н., доцент.

e-mail: tklimova@bsuedu.ru

ORCID ID: 0000-0001-6329-8404

КАДЫРБЕКОВА Д.С.,³

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

¹Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова

г. Шымкент, Казахстан

²Белгородский государственный национальный

исследовательский университет,

г. Белгород, Россия

³Казахская академия спорта и туризма,

г. Алматы, Казахстан

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ИНВЕСТИРОВАНИЯ ПРОИЗВОДСТВА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Статья посвящена анализу направлений совершенствования инвестиционной политики в производственном секторе Туркестанской области. Актуальность исследования определяется необходимостью эффективно-го использования природного, трудового и инфраструктурного потенциала региона. Целью работы является разработка направлений повышения эффективности инвестиционной деятельности, определение приоритетных отраслей и механизмов привлечения инвестиций. В статье представлена экономико-математическая модель совершенствования инвестиционной политики, включающая кластерный подход, государственно-частное партнерство, цифровую инвестиционную платформу и метод оценки мультипликативного эффекта. Анализ показал положительную динамику роста инвестиций в 2021–2024 гг., особенно в обрабатывающей промышленности и аграрном секторе. Научная ценность работы заключается в предложении новой модели управления инвестиционными процессами на региональном уровне. Практическая значимость состоит в возможности использования полученных результатов для оптимизации распределения инвестиций, повышения уровня занятости, роста ВРП и экспорта. Результаты исследования могут быть использованы при разработке региональных программ социально-экономического развития, стратегий индустриализации и совершенствовании инструментов государственной поддержки инвесторов.

Ключевые слова: инвестиции, регионы, инфраструктура, инвестиционная политика, инвестиционная привлекательность, инвестиции в производственный сектор, иностранные инвестиции, модель.

TURSYN A.R.,*¹

PhD student.

*e-mail: asilxan.janadilov@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3801-6035

TULEMETOVA A.S.,¹

c.e.s., professor.

e-mail: aygul.tulemetova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-3428

KLIMOVA T.B.,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: tklimova@bsuedu.ru

ORCID ID: 0000-0001-6329-8404

KADYRBEKOVA D.S.,³

PhD, associate professor.

e-mail: 6537275@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8641-253X

¹M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan

²Belgorod National Research University,
Belgorod, Russia

³Kazakh Academy of Sports and Tourism,
Almaty, Kazakhstan

WAYS TO IMPROVE THE MAIN AREAS OF PRODUCTION INVESTMENT IN TURKESTAN REGION

Abstract

This article explores the main directions for improving investment policy in the industrial sector of Turkestan Region. The relevance of the study is determined by the need for efficient utilization of the region's natural, labor, and infrastructural potential. The research aims to develop mechanisms to enhance investment efficiency, attract new capital, and identify priority sectors to ensure sustainable economic growth. An economic and mathematical model of investment policy improvement is proposed, integrating a cluster-based approach, public-private partnership mechanisms, a digital investment platform, and a method for assessing the multiplier effect. The analysis shows steady growth in investment during 2021–2024, particularly in manufacturing and agriculture, which demonstrates growing investor confidence. The scientific contribution of the study lies in offering a new methodological approach to managing regional investment processes and developing a structured model for optimizing resource allocation. The practical significance of the research is reflected in the possibility of using its results to improve investment management, strengthen industrial and export performance, and create new employment opportunities. The research results can be used in the development of regional socio-economic development programs, industrialization strategies, and the improvement of government support tools for investors.

Keywords: investments, regions, infrastructure, investment policy, investment attractiveness, investments in the manufacturing sector, foreign investments, model.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.07.2025